

М.С.ӘБДІРАХМАНОВА

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

В статье говорится об историческом развитии членов предложения в тюркских языках. Так жеается сравнительный анализ членов предложения в древнетюркском и современном казахском языках.

Makalede Türk dillerindeki cümle öğelerinin tanımı gelişimi söz konusudur. Eski Türk dili ve Kazak dilindeki cümle öğelerin mukayesesi древнетюркском и современном казахском языках.

Қандай құбылыстың, оқиғаның болмасын тарихы дегеніміз – оның даму, өзгеру жолы деген сөз. Даму, өзгеру жоқ жерде тарих та жоқ. Олай болса, сөйлем мүшелеңінің тарихы дегеніміз де тілдің синтаксистік құрылышының даму, өзгеріш жетілуі, толығу болмақ.

Қай тілде болмасын тілдік категорияларды тарихи түрғыдан зерттеудегі көзделетін мақсат зерттеу нысаны болып отырган категорияның зерттеліп отырган дәүірлер ішіндегі өзгеру, даму жолындағы заңдылықты, оның өзгеру себептерін ашу; алғашқы категория, норма неге өзгереді, оның орнын не басты, соңғының алғашқыдан артықшылығы несінде дегендес сұрауларға жауап беру болмақ.

Түркі тілдері тарихи синтаксисі белгілі дәүірлер ішінде түркі тілдерінің синтаксистік құрылышында, синтаксистік нормасында қандай өзгерістердің болғандығын, қандай синтаксистік конструкциялардың, синтаксистік қатынастардың, синтаксистік элементтердің жойылыш, қандайлардың жақадан пайда болғандығын айқындаиды; ескі конструкцияның ескілігі, көнелігі несінде, жақаның жақалығы, прогрестігі қайсы екендігін ашып көрсетеді.

Тілдің синтаксистік құрылышындағы мұндай өзгерістер өткен дәүірлерден сақталған жазба ескерткіштер тілінің синтаксистік құрылышын зерттеу, оларды қазіргі әдеби тілдің синтаксистік құрылышымен салыстыра қарау арқылы айқындалады [1].

Сөйлем – сөйлеудегі қарым-қатынас құралының ең кіші бөлігі болуымен қатар, синтаксистің негізгі нысаны. Соңдықтан сөйлемнің теориялық жақтан зерттелуі оның басқа да көптеген мәселелерімен байланысты екендігі сөзсіз.

Сөйлем – адам ойын білдірудің негізгі құралы. Айналадағы нақты өмір құбылыстары мен іс-әрекетінен тұратыны мәлім. Бұл айтылған жалпы заттың құрамына кіретін жанды заттардың, оның ішінде адамзаттың орны ерекше. Өйткені адам айналадағы тіршілік құбылыстарын тануга ұмтылады. Қоғамдаса өмір сүріш, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Бұл тәрізді нақты өмір құбылыстарын адам тілдік құралдар арқылы таңбалайды және оны өз жадында сактайды. Сол

секілді қоғам өміріндегі оқиғалар мен өз жеке басындағы жағдайларды қорытыш, өзара шілдеседі. Осы айтылған мәселелер тілде сөйлем арқылы жүзеге асады. Накты өмірдегі құбылыстар негізінен зат пен оның қимыл-қозғалысы, іс-әрекетінен тұратындықтан, адам ойындағы оның тілдік құралдар арқылы жасалған көшірмесі де көбінесе зат және оның қимыл-қозғалысы, іс-әрекеті болыш келеді. Морфологияда бұл құбылыстар зат есім және етістік деп аталса, сөз тіркесінің синтаксисі бойынша қыса байланысқан тіркестерге жатады [2].

Сөйлем жасалуы үшін алдымен сөздер бір-бірімен тіркеседі. Ол тіркестердің тілдік жүйесі заңдылықтары арқылы іске асады. Жай сөйлем, оны құрайтын тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, осы қыса байланысқан сөз тіркестері негізінде жасалады. Сөз тіркестері сөздердің синтаксистік байланысуы деп аталса, жай сөйлем синтаксисінде бұлар предикативті қатынастарға жатқызылады.

Тіл білімінде сөйлем туралы ғылыми ойдың тарихи бастауы көне дәуірдегі логикалық зерттеулерден басталады. Бұл тұжырым бойынша сөйлем – шілдеге, бастауыш – субъектіге, баяндауыш – предикатқа негізделеді. Соңдықтан да тіл туралы зерттеулерде бастауышты субъект, баяндауышты предикат деп қолдану дәстүрі де сақталған. Сөйлемнің негізі болыш табылатын предикативтілік дегеніміз зат – субъектінің өзі, немесе оның жаңа сапасы туралы сөйлеушінің ойы.

Грамматикалық сөйлемнің табиғаты логикалық шілдеге қарағанда алуан түрлі және кең мағыналы болыш келеді. Өйткені логикалық шілдің мақсаты өзінің зерттеу нысанына байланысты спецификалық белгілі-бір шектегі көлемге сәйкес болады. Ал грамматикалық сөйлем бүкіл тіршілік-болмыстағы әр алуан қимыл-қозғалыс, іс-әрекет пен құбылыстарды дәл бейнелеуге негізделеді [3].

Сөйлемнің мағыналық құрылымында оның бас мүшелерінің ғана емес, сол бас мүшелердің айналасына топтасып, солармен белгілі бір қатынасқа тұсу арқылы сөйлемді жайылма ететін тұрлаусыз мүшелердің рөлі аса зор.

Сөйлем, ең алдымен тұрлаулы мүшелердің грамматикалық және семантикалық қатынасы арқылы предикативтік байланыс негізінде жасалады да, айтылар ойдың аумақ-көліміне, сипатына қарай тұрлаусыз мүшелермен күрделеніп отырады. Бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық байланысы сөйлемнің қарашайым ғана негізі болады да, ол көбінесе ойды толық жеткізіп бере алмайды. Ойдың анық та, дәл, толық жеткізілуі тұрлаусыз мүшелердің сөйлемде қашшалықты мол және орынды қатысуына байланысты. Сонымен, тұрлаусыз мүшелер грамматикалық жағынан да бас мүшелердің айналасына топтасса, соларға

М.С.Әбдірахманова. Түркі тілдеріндегі сөйлем мүшелерінің...

қатысты бола отырыш, хабарланатын ойдың толық жеткізілуіне елеулі рөл атқарады.

Қазіргі тілғының сөйлем мүшелерін екі топқа бөліп қарауда оның логикалық негізі мен грамматикалық заңдылықтарын қатар алыш отыруды талап етеді. Әрине, сөйлем мүшелерін «тұрлаулы» және «тұрлаусыз» деп бөлу, негізінен сөйлем құрамындағы сөздердің өзара синтаксистік байланыстарының сипаттарына сүйенуден туған. Мысалы, сөйлемнің бас мүшелері – бастауыш пен баяндауыш өзара сандық және жақтық қызысу арқылы байланысатын болса, тұрлаусыз мүшелердің бас мүшелермен және өзара байланысу тәсілдері мен түрлері бұдан тіпті өзгеше. Бұлардың байланысы негізінен септік жалғаулары және орын тәртібі тәсілдері арқылы жүзеге асса, осыған орай байланыс түрлері қабысу, менгеру, матасу болыш келеді.

Тіл білімінде тұрлаусыз мүшелерді үш түрлі топқа – анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деп бөліп қарауда олардың бас мүшелерге мағыналық қатысы негізге алынады. Дегенмен олардың қай сөз табынан болған мүшемен қатысы да ескеріледі. Осыған байланысты толықтауыш пен пысықтауыш мүшелері көбіне баяндауыштан және етістіктен болған басқа да мүшелермен байланысатын болса, ал анықтауыш көбіне бастауыштан және зат есімнен болған басқа да мүшелермен байланыста болады. Мұның өзі көбіне сөз таптарынан сөйлем ішіндегі қызметі қолданылу ыңғайына, яғни сөйлеуші хабарындағы ойдың құрылымына қарай семантикалық жағынан өзгеріп отыруымен тығыз байланысты.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері жөніндегі мәселелердің қай-қайсы да сөздердің тіркесу жөніндегі ілімімен байланысты қаралғаны орынды. Интонациялық тұтастыққа, грамматикалық бірлікке, предикативтік және модалдық қатынастарға негізделген сөйлем құрауда сөз тіркестері ерекше рөл атқарады. Осы тұрғыдан ғана сөздердің сөйлем ішіндегі өз орны, қызметі айқындалады. Тұрлаусыз мүшелерді топтастыруда осы ерекшеліктер түгелімен ескерілуге тиіс.

Әр топтың өзіне тән грамматикалық та, семантикалық та негіздері бар.

Ең алдымен, тұрлаусыз мүшелердің әрқайсысына тән грамматикалық формалары мен байланыс түрлері бар. Мысалы, ілік септік тұлғасы, негізінен, анықтауыш мүшениң айырым белгісі болса, табыс септік тұра толықтауыштың – грамматикалық көрсеткіші. Сол сияқты, өзінен кейінгі сөзбен матаса байланысу анықтауышқа тән болса, етістіктен болған мүшемен қабыса байланысу – пысықтауышқа тән заңдылық. Соңдықтан, белгілі бір тұрлаусыз мүшелер қызметінде жұмсалуға біршама бейім тұратын сөз таптары да бар. Мысалы, сын есімдер көбіне анықтауыш болады, ал үстеулер тек әр түрлі пысықтауыш мүшелер қызметінде, зат

есімдер толықтауыш қызметінде жұмсалады. Бұл ерекшеліктер, әрине, қатып қалған, бұлтарыссыз заңдылықтар да емес. Жеке мүшелерге тән, соларға лайық дег отырған формалар мен байланыс түрлері, сөз таптаратының жеке мүшелерге лайық болу қасиеттері айтуыш еркіне қарай модалдық жағынан өзгеріш, әр түрлі семантикалық ыңғайда кездесе беруі мүмкін.

Мағыналық жағынан түрлаусыз мүшелердің әрқайсысы белгілі бір семантикалық аяны аңғартады. Бірақ кейде қолданылу орнына қарай тұлғалас сөздер әр сөйлемде әр түрлі мүшелік қызмет атқара береді.

Сондай-ақ, қазақ тілінде барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғаулы сөздердің синтаксистік қызметі де әр сөйлемнің семантикалық ерекшелігіне қарай құбыльш отырады. Олардың қай сөйлем мүшесіне жататындығын ажырату үшін грамматикалық формасы мен қай сөз табына жататындығын ескерумен бірге сөздердің лексикалық мағынасын да қарастыруға тұра келеді. Осылай жан-жақты қарau ғана сөздердің белгілі бір сөйлем ішіндегі қызметін дұрыс айқындауға мүмкіндік береді .

Көне ескерткіштер материалдарында қазіргі түркі тілдері сөйлемдерінде кездесетін сөйлем мүшелерінің барлық түрлері де кездеседі. Ол мүшелер морфологиялық белгілері жағынан да басқа мүшелермен синтаксистік қатынасы жағынан да қазіргі әдеби тілімізге өте үқсас.

Қандай сөйлемнің болса да ұйытқысы болып табылатын бастауыш пен баяндауыш, әсіресе баяндауыш, сөйлем сайын кездесіп отырады. Тұлғалық белгісі жағынан бастауыштың қазіргі тіліміздегіден ешқандай өзгешелігі жоқ: ол атау тұлғаның жай қалпында да, тәуелді қалпында да, жекеше түрде де, көшпе түрде де айтылады.

Мысалы: Сантуң балыққа талуй үгүзке тегүртім – Шантун қаласына, теңіз өзеніне жеткіздім. Қаған олурыш, жоқ, чугай будунығ қой қобратым – Қаған болыш, жоқ, жарлы халықты көп көтердім. Үчегүн қабысын слелім – Үшкеуіміз бірігіп соғысайық. Ат үзе бінтүре қарығ сөкдім – Атқа қайта міндеріп қарды аршыдым. Буйруқы йеме білге ерміс ерінч, алып ерміс ерінч – Бүйрықтары да білгір еді, өздері ер болған екен. Қамуғы йетій үз ер болмыш – Бәрі жеті жұз ер болышты. Інім Құлтегін кергек болты, өзім сақытым – Інім Құлтегін қайтыс болды, өзім ойландым.

Көне жазба ескерткіштер материалдарында кездесетін жай сөйлемдер хабарлы, бүйрықты, лепті, сұраулы түрлерінде көп кездеседі. Бұлардың ішіндегі ең көп кездесетін – баяндау түрінде айтылатын хабарлы сөйлемдер.

Келтірілген мысалдардағы бастауыштар сөз табы жағынан да әр түрлі: олардың ішінде зат есімнен болған бастауыш та, сан есімнен болған бастауыш та, есімдіктен болған бастауыш та бар. Бұл бастауыштар құрам

М.С.Әбдірахманова. Түркі тілдеріндегі сөйлем мүшшелерінің...

жағынан да біркелкі емес: олардың ішінде жеке сөздерден болған дара бастауыштар, екі сөзден болған күрделі бастауыштар да бар.

Сөйлем соңында кездесіп отыратын негізгі мүше – баяндауыш. Баяндауыштың есім сөзден болған түрі де, етістіктен болған түрі де кездеседі.

Мысалы: Анта кісре інісі қаған болмыс ерінч – Содан соң інісі қаған болды. Қағаны алш ерміс, айгучысы білге ерміс – Қағаны алыш екен, ақылгері білге екен. Бені будуным анта ерүр тіміс – Менің халқым да соңда болар еді. Аз будунығ үкүш қылтым. – Аз халықты көп қылдым. Ізгіл будун бірле сұңудіміз. – Ізгіл халқымен соғыстық. Иалаң будунығ тоңлығ, чығай будунығ үкүш қылтым. – Жалаңаш халықты киімді, жарлы халықты бай қылдым. Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз. – Ертіс өзенін кеше жүрдік. Қашаған тун удыматы, күнтүз олурматы. – Қашаған тұн ұйықтамады, күндіз отырмады.

Бұл келтірілген мысалдарда есім сөзден болған баяндауыш та, етістіктен болған баяндауыштар да бар және баяндауыштар дара, күрделі болыш келген. Күрделі баяндауыш түрінде жиі кездесетін, әсіресе есіммен етістік аралас күрделі сөздер. Есім сөздерге көмекші болатын етістіктер саны өлдекайда көп және есім сөздер септік жалғауларының кез келген түрінде тұрыш-ақ олармен күрделеніп айтыла береді.

Мысалы: Төртінч Чұп башынта сұнушдіміз. – Төртінші Чұп басында соғыстық. Он оқ беглері, будуны қош келті. – Он оқ бектері, халқы көп келді. Көгмен йер-субы ідісіз қалмасын. – Көгмен жер-сусы иесіз қалмасын. Еліг Ыыл ісіг-күчіг бірміс. – Елу жыл ісін, күшін берген. Құтым бар үчүн, үлүгүм бар үчүн. – Құтым бар болғаны үшін, үлесім бар болғаны үшін.

Бұл келтірілген мысалдарда есім сөздердің барлық түрлері де әр түрлі етістіктерді көмекші етіп, сөйлемнің күрделі баяндауыш қызметін атқарыш түр.

Күрделі баяндауыш күрделі етістік түрінде де кездеседі, бірақ етістіктер күрделенуінің түрі қазіргі тіліміздегідей онша көп емес. Баяндауыш қызметінде қолданылған етістіктердің формалық құбылыстары қазіргі тілімізben салыстырғанда онша көп емес. Қазіргі әдеби тілімізде баяндауыш қызметінде оте жиі ұшырайтын көсемшे етістіктердің жіктелген түрлері ескерткіштерде көп кездеспейді, бірді-екілі жерде кездесе қалғандарының өздері де қазіргегі өзімізге белгілі формада емес, басқаша түрде болыш келеді.

«Жамиғ-ат тауарихта» бастауыш шен баяндауыш мүшшелер байланысының, яғни предикативтік қатынастың екі түрі кездеседі. Оның бірі – предикативтік қатынастың синтетикалық жолмен берілуі болса, екіншісі – комбинаторлық жолмен берілу тәсілі. Ал түркі тілдерінің көне

жазу нұсқаларында кездесетін аналитикалық тәсіл бұл шығармада жоқ. Бұнда кездесетін предикативтік конструкцияның қай тәсілі болса да екі жақты қиысуға негізделген. Бірінші – жақ жағынан қиысу, екінші – сандық жағынан қиысу.

Қазіргі әдеби тілімізде етістіктен болған бастауыштардың үшінші жақта көшпе түрде айтылмайтыны, бастауышы көшпе түрде айтылса да, оның жекеше түрде айтылатыны белгілі. Ал көне ескерткіштерде баяндауыш функциясында түрған етістіктің барлық түрі де үшінші жақта да көшпе түрде айтыла береді [3].

Көне ескерткіштерде сөйлемнің қазіргі әдеби тілімізде бар түрлаусыз мүшелерінің барлық түрлері де кездеседі. Сөйлемнің түрлаусыз мүшелері тұлғалық құбылыстары жағынан болсын, басқа мүшелермен синтаксистік қатынасқа келу амал-тәсілдері жағынан болсын қазіргі әдеби тіліміздегіден өзгешеліктері жоқ тәрізді. Айтарлықтай өзгешеліктер көп емес және оны түрлаусыз мүшелердің жеке сипаттың көруде де байқауға болады.

Мысалы: Іда тапта қалмысы қубраныш йеті йүз болты – Орман-тау (арасында) қалғаны жиналып жеті жүз болды. Тенрі йарулқадук учүн, мен қазғантуқ учүн, тұрк будун қазғанмыш ерінч. – Тәңірі жаратқаны үшін, мен қолдағаным үшін, тұркі халқы пайдаланған-ды. Ілтеріс қаған қазғанмасар, уды бен өзүм қазғанмасар, іл йеме будун йеме йоқ ертеңі ерті. – Ілтеріс қаған қолданбаса, содан соң менің өзім қолданбасам, ел де, халық та жоқ болар еді. Буйруқы йеме білге ерміс ерінч, алыш ерміс ерінч. – Бұйрықтары да білгір еді, өздері ер болған екен.

Көне ескерткіштерде сөйлемнің анықтауыш мүшесі функциясындағы сөздер ілік септікті тұлғада да, атау тұлғада да кездеседі. Сөз табы жағынан анықтауыш мүшелер сын есім мен сан есім, зат есім мен есімдік, есімше түрінде кездеседі.

Мысалы: Табғач қағаның ічрекі бедізчіг ыты – Табғаш қағаны іштегі бедізпісін (шеберлерін) жіберді. Тұркі халқының аяғы әлсіреді, жаман қалжырады. Қаған сүсі бөрі тег ерміс. – Қаған әскері бөрідей еді, жауы қойдай еді. Қағанладуқ қағаның иітүрү ыдмыс, табғач будунқа беглік уры оғлың құл болты, сілік қызы оғлың құң болты. – Қағандық қағанынан айрылды, табғаш халқына бек ұлдары құл болды, сұлу қыздары құң болды.

Анықтауыш мүше қазіргі әдеби тілімізде қай сөз табынан болса және қай тұлғаларда айтылса, сөз болыш отырған ескерткіштер кезеңінің өзінде де сол сөз таптарынан болғандығы және сол уақыттың өзінде де қазіргідей тұлғалық құбылыстарда айтылғандығын көреміз. Құрылсы жағынан анықтауыш мүшелер бірде дара түрде келсе, бірде курделі түрде

М.С.Әбдірахманова. Түркі тілдеріндегі сөйлем мұшелерінің...

келіп отырады. Бірақ анықтауыш мүше құрылсында қазірде жиі ұшырайтын үйірлі анықтауштар сирек кездеседі.

Анықтауыш мұшелердің өзі анықтайтын мүшеден бұрын келуі және онымен қабыса немесе матаса байланысу жолдары ескерткіштерде де берік сақталған. Анықтауыш мүшениң анықталушы мүшеден кейін айтылуы бір-екі жерде ғана кездеседі.

Көне ескерткіштерде сөйлемнің толықтауыш мүшесінің екі түрі де, тұра толықтауыш та, жанама толықтауыш та кездеседі. Тұра толықтауыш функциясындағы сөздер қазіргі әдеби тіліміздегі сияқты табыс жалғауының ашық түрінде де, жасырын түрінде де айтылып, сабакты етістіктен болған мүшеге, әсіресе баяндауышқа менгеріледі.

Мысалы: Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз, түргіс будунығ уда бастымыз – Ертіс өзенін кепіп өттік те, түргеш халқын үйқыда бастық. Бөгү қаған баңару анча айыдымыз – Бөгі қаған маған осыны айтты. Ол сабығ есідіп сүйорытдым – Ол сөзді есітіп әскер жүргіздім. Өз тенрі йасар, кіші оғлы қоп өлгелі терүміз. – Уақытты тәңірі жасайды, кісі баласы бәрі де тек өлгелі жаралған. Сұңыс болсар, черіг ітер ерті. – Соғыс болса, шеріктерді жіберер еди.

Сөз табы жағынан алғанда, тұра толықтауыш қызметінде кездесетіндер – зат есім мен есімдіктер. Басқа сөз таптарының кейбіреулері жанама толықтауыш қызметінде бірді-екілі жерде кездескенімен, тұра толықтауыш қызметінде кездесетіндері өте аз. Жанама толықтауыш қызметінде қолданылған сөздер де қазіргі әдеби тіліміз синтаксисіндей барыс, жатыс, шығыс жалғаулы форма да кездеседі. Ал көмектестік, құралдылық мағыналар қазіргі тіліміздегі сияқты жалғау арқылы берілмей, шылау сөздер арқылы берілгендейтін, зат есімдер осы аталған шылауларға тіркесе айтылып та жанама толықтауыш функциясында қолданылады.

Мысалы: Табғачқа йана ічікді – Табғашқа және бағынды. Анта етру қағаныма өтүнтім – Содан соң қағаныма өтіндім. Сантуң балыққа Талуй үгүзке тегүртім – Шантүң қаласына, Теніз өзеніне жеткіздім. Бу йерде олтуруп – Бұл жерде отырып. Йандуқ йолта йеме өлті күк – Қайтар жолда тағы да көп өлді. Өнре қытанда берійе табғачда Қуруйа құрданта йырайа оғузда Екә-үч бың сүмүз келтечіміз бар му не? – Шығыстағы қытанға, түстіктең табғашқа, Батыстағы құрданға, терістіктең оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? Түргес қағанта көрүг келті – Түргеш қағанынан хабаршы келді. Табғач беріденіен тег – Табғаш түстікten тиіндер. Бен йырдантайан тегейін – Мен терістікten тиісейін. Бу йолын йорысар, йарамачы тідім – Бұл жолмен жүргуте болмайды дедім. Алтун йысығ йолсузын астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз – Алтын жерін

жолсызбен астым, Ертіс өзенін кепшес ізбен кептім. Інім Күлтегін бірле қазғантым – Інім Күлтегінмен бірге қолданым.

Жанама толықтауыштар, негізінде, екі тұрлі сөз табынан болған. Оның бірі және негізгі – зат есім де, екінші – есімдік. Тура толықтауыш сияқты, жанама толықтауыштар да, негізінде, осы екі тұрлі сөз табынан болыш отырады. Бұлардан басқа сөз таштарынан септік жалғауында айтылып, жанама толықтауыш болуы бірді-екілі ғана болмаса, онша жиі кездеспейді. Жанама толықтауыштардың барлығы да етістіктен немесе етістікке тіркесе айтылып, құрделі мүшпе құрамына еніп тұрған есім-етістіктен болған мүшелерге менгерліп, жетектеліп тұр. Бұған қарағанда, етістіктің менгерушілік функциясының сол уақыттың өзінде де ерекше күпті болғандығын байқаймыз.

Толықтауыш мүшелер құрамы жағынан дара және құрделі тұрде кездеседі, бірақ қазіргі тіліміздегі кездесетін үйірлі толықтауыштар ескерткіштерде кездеспейді.

Көне ескерткіштерде пысықтауыш мүшелердің қазіргі әдеби тілімізде бар тұрларнан бәрі де кездеседі.

Мысалы: Ілгерү күн тоғсықда Бөклі қағанға тегі сүлейү бірміс – Ілгері күн шығыста Бөкілі қағанға дейін соғысты. Қырық артуқы йіті йолы сұлеміс, йегірмі сұңдыс сұңдысміс – Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған. Тұрк будун адақ қамаптды, йаблақ болтачы ерті – Күлтегін йіті отуз йашыңа қарлук будун ерүр барур ерлікі йағы болты – Күлтегін жиырма жеті жасында қарлук халқы жүре бара нағыз жау болды. Анта кісре йір Байырқу Улуг Іркін йағы болты – Содан соң Байырғы жерінде Ұлық Іркін жау болды. Ечім қаған олуртуқда, өзім тардуп будун үзе шад ертім. - Экем қаған болыш отырганда, өзім тардуп халқына уәзір едім.

Тұрлаусыз мүшениң бірі болыш табылатын пысықтауыш сөйлемде, негізінен, етістіктен болған мүшеге қатысты болыш, сол мүшени мезгіл, мекен, мақсат, орындалу амалы жағынан нақтылаپ, пысықташ тұрады.

Ескерткіштер тілінде пысықтауыш мүшпе болатын сөздер – ұстеулер. Сонымен қатар кейбір мезгіл, мекен, мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш бола алады.

Кимыл-сын пысықтауыш. Өртче қызып келті – Өртше қызып келді. Қытан өндөніен тег – Қытан шығыстан тиіцдер.

Мезгіл пысықтауыш. Тұн қатдымыз Болчуқа таң ұнтақтар тегдіміз – Тұн қаттық Болшыға таң ата жеттік. Ол оқ тұн будуның сайу ытымыз – Сол тұні халық сыйын елші жібердік.

Себеп пысықтауыш. Анта кісре тенрі біліг бертуқ үчүн өзүм өк қаған қысдым – Содан соң тәнді білік бергені үшін өзімші оны қаған еттім.

М.С.Әбдірахманова. Түркі тілдеріндегі сөйлем мүшелеңінің...

Мақсат пысықтауыш. Түрк будун қанын болмайын табғачда адырылты, қанланты – Түркі халқы ханы болмай табғаптан бөлінді, ханданды.

Мекен пысықтауыш. Мезгіл пысықтауыштары мезгіл үстеулерінен және мезгіл мәнді зат есімдерден, олардың барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде келуі арқылы жасалады. Өңгрекі ер йуғуру тегүріп ыбар бас асдымыз – Алдағы ер жоғары шығыш бұталы (биік) басынан астық. Бенің будунум анта ерүр тіміс – Менің халқым да соңда болар деді. Табғачару Қуны сенұнғ ыдымыз – Табғашқа қарай Құны сенұнды жіберді.

Сөйлем мүшелеңінің қай-қайсысы болса да бірыңғай түрде кездеседі. Ескерткіштерде кездескен бірыңғай мүшелең атау тұлғада да, септік жалғауларының барлық түрлерінде де айтылған. Сол сияқты, бірыңғай мүшелең жалғаулықты түрде де, жалғаулықсыз түрде де қолданылған. Бірыңғай мүшелең арасында қолданылған жалғаулықтар аз, себебі ескерткіштер тілінде бірыңғай мүшелеңдердің жалғаулық арқылы байланысқан түрлеріне қарағанда, жалғаулықсыз түрлері жиі кездеседі.

Мысалы: Сүчіг сабыңа, йұмчақ ағысыңа артурыш үкүс, түрк будун, өлтіг – Тәтті сөзі, жұмсақ қазынасын көп сенің, түркі халқы, өлдің. Едігү білге кісіг, едігү алш кісіг йорытмаз ерті – Игі білгіш кісілерді, игі батыр кісілерді қозғалта алмады. Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты – Түркі халқы қырылды, алқынды, жоқ болды. Берійе табғачығ, өңре қытанағ, йырайа оғузуғ өк өлүрті – Терістікте табғашты, шығыста қытанды, терістікте оғызды көптең өлтірді. Йеті йүз ер болыш, елсіреміс, қағансырамыс будунығ, құнедміс, құладмыс будунығ, түрк төрүсін ыңғынмыс будуның ечүм-апам төрүсінче йаратмыс, башқурмыс – Жеті жұз ер болыш, әлсіреген, қансыраған халықты, құнденген, құлданған халықты, түркі иелігінен айырылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты.

Ескерткіштерде бірыңғай мүшелеңдердің кейбіреулерінің алдында жалшылауыш мәнді сөздер, сөз тіркесі, немесе жалшылауыш мәнді сөйлем келіп отырады. Мұндай құрамдағы жалшылық мәнді тіркестер санамалы бірыңғай мүшелең алдында да, санай айтылатын түсіндірмелі жай сөйлемдер алдында да, төл сөз алдындағы автор сөзі ретінде де қолданылады. Осы орындардың бәрінде де ол жалшылық мағынаны білдіреді.

Мысалы: Бірійе табғач будун йағы ерміс, йырайа Баз қаған, тоқуз оғуз будун йағы ерміс, қырқ аз, құрықан, отуз татар, қытан, татабы – қоп йағы ерміс – Онында табғаш халқы жау еді, солында Баз қаған, тоғыз оғыз халқы жау еді, қырқ аз, құрықан, отыз татар, қытан, татабы – бәрі жау еді. Йабғысын, садын анта өлүрті – Йабғысын, шадын соңда өлтірді. Бод йеме, будун йеме кісі йеме іді йоқ ертеңі ерті – Ештеме де, халық та

және кісі де болмас еді. Өрім қатун, улайу өглерім, екелерім, келінүмім, құнчуйларым, бйеме тірігі күң болтачы ерті, өлүгі йуртда, йолта йату қалтачы ертіміз – Шешем қатың, оған ілескен аналар, женгелерім, келіндерім, бикептерім мұнша және күң болар едіңдер, өліктерің жүртта, жолда жатар едіңдер. Қарлуқығ өлүртіміз, алтымыз – Қарлұқты өлтірдік, жендік.

Сейлем мүшелерінің орын тәртібі жағынан алғанда қазіргі әдеби тіліміздегіден айтартықтай өзгешелігі жоқ. Мұнда да бастауыш баяндауыштан бұрын, баяндауыш әрдайым дерлік сейлем сонында келіп отырады. Тұрлаусыз мүшелердің орын тәртібі де тұрақты: анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелер өздерінің анықтайтын, толықтайтын, пысықтайтын мүшелерінен бұрын тұрады.

Тілдің әр дәуірдегі синтаксистік құрылыш ерекшелігін, қала берді, сейлемдердің структурасын дұрыс ашуда сейлем құрамына енген сөздердің атқаратын синтаксистік функцияларының шешупі мәні бар. Сейлем құрамындағы сөздер, яғни сейлем мүшелері сейлемді сейлем ететін ең негізгі ең қажетті элемент. Құрылыш материалының ешқандай құрылыш болмайтыны сияқты, сейлем мүшелерінсіз де ешқандай сейлемнің болуы мүмкін емес. Сейлемдегі болатын структуралық өзгеріс, жаңалық бәрінен бұрын сөздердің сейлем мүшелік қызметіндегі өзгерістерге, олардың бір-бірімен қарым-қатынас түрлеріне тікелей байланысты және соның негізінде ғана туыш, қалыптасады. Міне, сондықтан сөздердің синтаксистік функциялары, сейлем мүшелері, олардың түрлері, өзара қарым-қатынастары тарихи синтаксистің қарауына жататын елеулі объектінің бірі болыш табылады.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Кордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы, 1964. – 244 б.
2. Седуақасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды сейлемдер. – Алматы, 1996. – 273 б.
3. Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов. М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971. – 271 б.
4. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2003. – 265 б.

REZUME

M.S. ABDIRAKHMANOVA (Karaganda)
HISTORICAL DEVELOPMENT OF PARTS OF SENTENCE IN TURKIC LANGUAGES

The article deals with the historical development of sentence parts in the Turkic languages.